

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 230-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қарашада № 3177 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 235-қ қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 09.09.2020 № 235-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңдарына сәйкес, жұмыс іздеуде қиыншылық көретін ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына және жұмысқа қабылдануына жәрдемдесу мақсатында, Мұнайлы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұнайлы ауданында жұмыс орындарының жалпы санына төменде көрсетілген пайыздық мөлшерде квота белгіленсін:

ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін бір пайыз;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін бір пайыз;  
пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін бір пайыз.

2. "Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.Ақниязова) осы қаулының әділет органдарында

мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Біләловке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Н. Тәжібаев*

КЕЛІСІЛДІ:

"Мұнайлы аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г.Ақниязова

"19" 10 2016 ж.